

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қарашадағы N 1520 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 14 ақпандағы N 214.

"Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясының жеке құрамы мен оның өкілеттіктері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 22 қарашадағы N 3236 N963236_ өкімін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қарашадағы N 1520 P951520_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы ережеге (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 35, 449-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

4-тармақта:

екінші абзацтағы "астананы Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшіру жөніндегі бірінші кезектегі шаралардың Мемлекеттік бағдарламасын" деген сөздер "астананы көшіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

екінші абзацтағы "астананы Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшіру жөніндегі бірінші кезектегі шаралардың Мемлекеттік бағдарламасын" деген сөздер "астананы көшіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың төртінші абзацындағы "аппараттың жетекшісі Комиссияны Төрағасымен келісіп" деген сөздер "Комиссия төрағасы аппарат басшысының ұсынысы бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Комиссияны Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның Комиссия Төрағасының ұсынуы бойынша және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің келісуімен Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және босататын орынбасарлары болады.

Комиссия Төрағасы:

астананы Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшіру жөніндегі жұмыстардың жүргізілу жағдайы бойынша жауапкершілікте болады;

Комиссия қызметіне басшылық жасайды, орынбасарлар мен Комиссия мүшелері арасында міндеттерді бөледі, Комиссия қызметінің жекелеген бағыттарына басшылық жасағаны үшін олардың жауапкершіліктерінің деңгейін белгілейді".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК